

CAPITAL PARK

VECTOR

Astana



СІЗДІҢ ҮЙІҢІЗ СЕҢІМНЕН БАСТАЛАДЫ

Біздің әр жобамыз — жай ғана құрылыс емес, сіздердің сенімдеріңіз бен біздің іске адалдығымыздың көрінісі. Біз жаңа тарих — өмір, отбасы, арман тарихы басталатын үйлер саламыз.

Бұл жобада біз ерекше тырыстық: жайғасымдарды мұқият ойластырдық, ұсақ-түйекке дейін көңіл бөлдік және жаңа үйлеріңіз шын мәнінде туған ұяларыңызға, тірек пен шабыт көзіне айналуы үшін эстетика қосып, жайлылық сыйлауға күш салдық.

Бізді таңдағандарыңызға рахмет.

Құрметпен,
Capital Park жобаларының жетекшісі
Садырбай Уәли



CAPITAL PARK
VECTOR

БИГВИЛЬ ТУРАЛЫ

Capital Park бигвиллі — прогресс пен инновациялардың жүзеге асуы. Ол замана көшінен қалмайтын, өршіл мақсатты, өмірден алары мол, ымыраға көнбейтін жандар үшін жасалған. Capital Park бигвилінде тыныштық аясын тауып қана қоймай, сонымен қатар, қызу қайнап жатқан қала өміріне сіңісіп кету оңай, өйткені іскерлік орталық пен қаланың барлық маршруттары үйіңізден бес минуттық жерде орналасқан. Бигвиль — үлкен қалада өмір сүрудің шексіз мүмкіндіктерін ашатын кеңістік және жаңа күніңіздің қандай болатынын тек сіз өзіңіз таңдайсыз.

36 га

құрылыс
салу алаңы

13 га

көгалдандыру
аумағы

2027 ж.

толық жүзеге
асырылады




Материалдардың түстері күн сәулесінің, көлеңкелің түсу бағытына, басып шығару тәсілдерінің ерекшеліктеріне және тасымалдағыштың түсті беруіне байланысты шынайы өмірдегіден сәл өзгешеленуі мүмкін.

Capital Park
Vector

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

Capital Park елорданың қарқынды дамып келе жатқан ауданында, Президент саябағының жанында орналасқан. Бигвиль Керей, Жәнібек хандар, Жошы хан, Бұқар жырау көшелері мен Әл-Фараби даңғылының шаршысында ыңғайлы орналасқан.


5 мин
Aldi BI
балабақшасы


10 мин
Назарбаев
университеті


10 мин
Республикалық
бас мешіт


5 мин
Қадыр Мырза
Әлі атындағы
Vinom мектебі



10 мин
MEGA Silk
Way COO


15 мин
«Нұрлы жол»
вокзалы


5-10 мин
Президент
саябағы


5-10 мин
Magnum, Small
супермаркеттері


15 мин
Әуежай



ОРАМ ТУРАЛЫ

Capital Park Vector — архитектура өмір бағытын айқындайтын кеңістік.

Мұнда қасбеттің әрбір элементі заманауи қаланың қарқыны мен алға нық қадам басу сезімін айқындайтындай етіп мұқият ойластырылған. Айқын сызықтар, ұстамды реңктер және тік ырғақтар мәртебе мен үйлесім атмосферасын қалыптастырады.

Vector-дың басты артықшылықтарының бірі — күнделікті өмірге тыныштық пен табиғат үйлесімін сыйлайтын жасыл желекті Samal саябағының әсем көрінісі. Панорамалы терезелерден құйылған мол жарық пәтер ішін нұрға бөлеп, саябақ көрінісі көзге қуаныш сыйлайды.

Бизнес
тұрғын үй
санаты

45-175 м²
пәтерлердің ауданы

3-4
қабаттағы
пәтер саны

1-5
пәтерлердің
конфигурациясы

9-14
қабат

II тоқсаны 2027 ж.
пайдалануға беру мерзімі

МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

Samal саябағынан бірер адым жерде

Бигвилльдің басты інжу-маржаны — көлі бар жеке саябақ рахаттана демалып, шабыт алатын жайлы кеңістік болады.

Мұнда өмір жайлы ырғақта өтеді: ашық аспан астында отбасымен сейіл құруға, жаяу жүргіншілер көпірінде серуендеуге, жасыл желектің арасында жүгіріп, спортпен айналысуға немесе жай ғана бір минутқа аялдап, қала мен табиғаттың тамаша үйлесімін сезінуге болады.

Көлді аялдайтын орын ретінде таңдаған жыл құстары кеңістікті нағыз табиғат бұрышына айналдырып, саябаққа ерекше атмосфера береді.

Бигвилль саябағы — тыныштыққа бөленіп, шабыт алу үшін көбірек аялдап, шынайы үй жайлылығын сезінгіңіз келетін орын.



*Сурет шартты сипатқа ие

CAPITAL PARK




Galmart
супермаркеті



Keruen Park
балалар ойын-
сауық орталығы



Фитнес орталығы



Футбол және
теннис
алаңдары



Мейрамханалар
мен кафелер
галереясы



Шолу алаңы




МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

Samal Park айналасындағы қалалық мүмкіндіктер

Samal Park-тың жан-жақты ойластырылған инфрақұрылымы жайлы өмір сүруге қажетті барлық мүмкіндіктерді біріктіреді: сауда, спорт, отбасылық демалыс және үйге жақын орналасқан қызметтер.

- Жоба аумағында тауарлар мен азық-түліктің кең таңдауын ұсынатын **Galmart** супер-маркеті орналасқан.
- **Балалармен уақытты** Keruen Park-та өткізуге болады — бұл ойын алаңдары бар заманауи балалар ойын-сауық орталығы.
- **Спорт пен белсенді өмір салтын** ұнататындар үшін Hero's Journey фитнес-клубы жұмыс істейді. Мұнда жаттығу жасауға және дене дайындығын сақтауға арналған заманауи мүмкіндіктер қарастырылған.
- Samal Park-тың **гастрономиялық инфрақұрылымы** бес түрлі тұжырымдамамен ұсынылған: грузин асханасының MANANA мейрамханасы, еуропалық асхананың «Наша Дача» мейрамханасы, Brune гастрономиялық сыра мейрамханасы, итальян асханасының Bella Ciao мейрамханасы және теңіз тағамдарына маманданған Kaspiyka мейрамханасы.

Қызметтердің, дүкендер мен мекемелердің алуан түрлілігі тұрғындарға күн сайын Samal Park атмосферасының жайлылығы мен артықшылықтарын сезінуге мүмкіндік береді.





МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

BINOM SCHOOL

BINOM School — жаңа форматтағы заманауи жалпы білім беретін мектептер, сапалы мектептік білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін құрылған. Оқыту мемлекеттік білім беру стандарты негізінде жүргізіледі және функционалдық сауаттылық пен академиялық дағдыларды дамытуға бағытталған қосымша элективті курстармен толықтырылады.

BINOM мектептері заманауи білім беру моделін, мықты педагогикалық ұжымды және дамыған инфрақұрылымды үйлестіре отырып, оқушылардың білім алуына және дамуына қолайлы әрі технологиялық орта қалыптастырады.

- Оқыту қазақ және орыс тілдерінде
- Тегін мемлекеттік білім беру
- Мектеп жабдықталуы стандартты мектептерден 5 есе жоғары
- Зертханалар, STEM және робототехника
- Заманауи оқу кеңістіктері: коворкингтер және медиастудиялар



Сілтемеге өту үшін басыңыз



МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

ÄLDI BI Балабақшасы

Aldi BI — баланың ерте дамуына арналған шабыттандыратын орта қалыптастырылған заманауи балабақша. Авторлық білім беру бағдарламасы балалардың креативтілігін, дербестігін және зерттеушілік ойлауын дамытатын Реджио-педагогикасына негізделген, халықаралық педагогикалық тәжірибелерді ұлттық мәдениетпен үйлестіреді.

Балабақшаның білім беру кеңістігі балалардың қабілеттерін ашуға көмектеседі, танымға деген қызығушылығын қалыптастырады және тұлғаның ерте жастан үйлесімді дамуын қолдайды.

- Реджио-педагогикасына негізделген авторлық бағдарлама
- STEM-зертхана және робототехника
- Proforientation аймақтары — ойын арқылы мамандықтармен танысу
- Кешенді даму: психолог, логопед және нейропсихолог
- Инновациялық дамытушы білім беру ортасы
- Үйлесімді даму үшін арнайы жағдайлар жасалған: тұзды шахта, иппотерапия, спорттық белсенділіктер және серуендер



Сілтемеге өту үшін басыңыз

МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

Yourt көршілік орталығы

 толығырақ білу үшін
басыңыз

Capital Park бигвилінде екі Yourt көршілік орталығы бар: олар Emotions 1 және Art орамдарында орналасқан. Солардың бірі — Vector-дың дәл жанында. Көршілік орталығы қазақ халқының кеңпейілдігін, ашықтығын және қонақжайлығын көрсететін Ерулік игі дәстүрімен үндеседі.

Yourt-та әрбір тұрғын өзіне ұнайтын нәрсені табады. Балаңыз шеберлік сабағында немесе балалардың ойын бөлмесінде ынтамен беріліп уақыт өткізіп жатқанда, сіз пікірлес адамдардың ортасында йогамен айналысудан ләззат алуыңызға, тыныштықта медитация жасауыңызға немесе оңаша тыныш бөлмеде маңызды келіссөздер жүргізуіңізге болады.



Коворкинг



Шеберлік сабақта-
рына арналған
кеңістік



Музыка залы



Кофехана



Спорт залы



Балалардың ойын
бөлмесі



Кітапхана



Келіссөздерге ар-
налған оңаша бөл-
мелер

Бір жобадағы әр кезектің жобалық шешімдері,
түстері мен реңктері бір-бірінен өзгешеленуі
мүмкін, сурет шартты сипатқа ие





МАҢЫЗДЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖАНЫҢЫЗДА

Президент саябағы

Capital Park Vector орамынан бес минуттық жерде, Есіл өзенінің бойында гүлденген Президент саябағы орналасқан. Саябақтың ішінде сейіл ұйымдастырып, ағаштардың саясында серуендеуге, отбасыңызбен бірге демалып, көңіл көтеруге болады.

CAPITAL PARK
VECTOR

АВТОРЛЫҚ АРХИТЕКТУРА

Неомодернизм элементтері бар заманауи архитектура кешенге қатаң, сонымен бір мезгілде жеңіл көрініс береді. Ғимараттар дизайнында таза геометриялық пішіндер, ақшыл түсті қасбеттер және пәтерлерді табиғи жарыққа толтырып, қаланың әсем көрінісін ашатын үлкен панорамалы терезелер тамаша үйлесім тапқан.

Қалалық ортаның функционалдығы мен жайлылығына ерекше көңіл бөлінген: қабат санының ұтымдылығы шамадан тыс тығыздық сезімін тудырмай, жайлы ортаны қамтамасыз етеді. Жоғарғы қабаттарда террасалары бар бірегей пәтерлер орналасқан, ал француз балкондары қасбетке әсемдік пен жеңілдік қосады.

Capital Park Vector тұрғын үйді, демалысты және сервисті бір кеңістікте біріктіріп, заманауи қалаға тән қарқындылық пен жайлылық атмосферасын қалыптастырады.

*Жобалық шешімдер, түстер мен реңктер бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие



ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ

- Террасалар
- Қаңқасы –
МОНОЛИТ
- Қасбеті –
алюминий композитті
панельдер
- Балкондары –
ашық және жабық
- Терезелері –
металл пластик терезелер,
алюминий витраждар
- Қасбеті –
клинкер тақта



*Жобалық шешімдер, түстер мен реңктер бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие

ТЕРРАСАСЫ БАР БІРЕГЕЙ ПӘТЕРЛЕР

Жобадағы пәтерлер өмір сүру және демалу үшін қосымша кеңістік беретін террасалары мен балкондарының мұқият ойластырылған архитектурасымен ерекшеленеді. Мұнда терраса әйнектелген балконмен жалғасып, ашық және жабық кеңістіктің артықшылықтарын біріктіреді.

Ашық террасалар кеңдік сезімін сыйлап, таза ауадан, күн сәулесінен және панорамалы көріністерден ләззат алуға мүмкіндік береді. Әйнектелген балкондар пәтердің функционалды жалғасы болып, жел мен жауын-шашыннан қорғалған, жылдың кез келген мезгілінде демалуға болатын жайлы кеңістікке айналады.

Ашық және жабық балкондардың мұндай үйлесімі жайғасымдарды икемді және жайлы етеді: жазғы демалыс аймағынан бастап, жұмыс істеуге немесе таңғы кофеге арналған тыныш бұрышқа дейінгі пайдалану сценарийін өзіңіз таңдайсыз. Архитектура үйдің мәртебесін айқындап, эстетиканың, жайлылықтың және оңашалықтың арасында үйлесімді тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Жоғарғы қабаттардағы террасалар 3-ші және 7-ші кіреберістерде қарастырылған. Ауладағы террасалар 7-ші және 8-ші кіреберістерде орналасқан. Балкондар жобаның барлық блоктарында қарастырылған.



ОҢАША АУЛА

Capital Park Vector аумағы ұсақ-түйегіне дейін мұқият ойластырылған: аула балаларға да, ересектерге де қауіпсіз әрі жайлы. Бұл кеңістіктерге көлік кірмейді, ал жабындар мен әрлеу материалдары экологиялық және қауіпсіз. Балалардың ойын алаңдары қауіпсіз ойын кеңістіктерін жасауда көшбасшы болып танылған Komrap халықаралық брендінің жабдықтарымен жабдықталған.

Ойын аймақтарында құм алаңдары, ашық аспан астындағы кинотеатр және шығармашылық бұрыштар қарастырылған. Спорт алаңдарында футбол және стритбол алаңы, workout аймағы және заманауи жаттығу құрылғылары бар.

Ересектер шале, жатып демалатын орындар, гамактар, әткеншегі бар самалжайлар және барбекю аймақтары қарастырылған тыныш аймақтарда демала алады. Кеңістікті сергектік пен тыныштық сезімін беретін субұрқақ толықтырып тұр. Айналаның бәрі жасыл желекке малынып, жайлы және үйлесімді атмосфера қалыптастырады.

*Жобалық шешімдер, түстер мен реңктер бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие



Ашық аспан
астындағы кинотеатр



Ауланың
экологиялық
тұжырымдамасы



Футбол және
стритбол алаңдары



Жапон
бағы



Workout
аймақтары



BBQ
аймағы



*Жобалық шешімдер, түстер мен реңктер бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие

КӨГАЛДАНДЫРУ


Тұрғын үй кешендерін көгалдандыру үшін өсімдіктерді ең жақсы еуропалық тәлімбақтардан аламыз, бұл олардың сапасы мен өміршеңдігіне кепілдік береді. Компанияның дендрологтардан, ландшафт дизайншылары мен бағбандардан тұратын қамқор командасы аймақтың климаттық сипаттамаларына сәйкес материал таңдайды, жас өскін кезінен бастап үлкен ағаш болғанға дейін бірнеше жыл бойы сүйемелдеп, өсімдіктердің жерсінуі мен өсу қарқынын қамтамасыз етеді. Жобаның жалпы аумағының 30%-дан астам бөлігінде үй кеңістігі мен үй маңындағы кеңістік көгалдандырылған.



Сурет шартты сипатқа ие. Көшет материалының өсуі бес жылға жуық уақыт алады.

Біз тұрғындардың табиғаттан ләззат алуы үшін айналаны көгалдандырамыз. Жасыл желекті аймақтар мегаполисте жанға жайлы тыныштық оазистерін жасайды. Аптап ыстықта ағаштардың саясында серуен құру, жапырақтардың сыбдырына құлақ түріп, жылдың әр мезгілінде ағаштардың түсі қалай өзгередінін бақылау сондай ғанибет.

Сіздің үйіңізді көгалдандырудың ерекшеліктері:



Қолайлы
микроклимат



Үйлесімді түс
композициялары



Өсімдіктерге
күтім жасау




Жан-жақты ойластырып,
өсімдіктерді аймақтарға бөлу

- Бейнебақылау
- Авторлық дизайн
- Арбалар тұрағы
- Жұмсақ аймақтар
- Өтпелі кіреберістер
- Витражбен әйнек-телген кіру тобы

ДӘЛІЗДЕРДІҢ СӘНДІ ИНТЕРЬЕРІ

Capital Park Vector дәліздері — заманауи люксті сезінуге болатын кеңістік. Ұстамды архитектура, дәл сызықтар және мінсіз таңдалған реңктер үйлесім мен тыныштық атмосферасын қалыптастырады.

*Жобалық шешімдер, түстер мен реңктер бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін, сурет шартты сипатқа ие





ОЙЫН БӨЛМЕСІ

Capital Park Vector-дағы ойын бөлмесі — тікелей үйде орналасқан, балалардың ойнап, дамуына арналған жайлы және қауіпсіз кеңістік. Интерьер тыныш табиғи реңктерде безендіріліп, кез келген іс-шарада балалар өздерін жайлы сезінетіндей етіп ойластырылған.

Панорамалы терезелер кеңістікті табиғи жарыққа бөлейді, ал бейнебақылау жүйесі ата-ана үшін қосымша қауіпсіздік пен жан тыныштығын қамтамасыз етеді. Бөлмеде белсенді қозғалып, емін-еркін ойнау үшін ойын аймақтары: сырғанақ, жұмсақ модульдер, зерттеуге және бір-бірімен араласуға арналған элементтер қарастырылған.

Ойын бөлмесі балалар асыр салып ойнап, дамып, өздерін еркін және қауіпсіз сезіне алатын жайлы орта ретінде жасалған.



Қауіпсіздік



Тікелей үйде
орналасқан
ойын бөлмесі



Панорамалы
терезелер



Дамытатын
бұрыштар
мен ойындар



Әлеуметтік
орта



Заманауи
интерьер



Суреттер шартты сипатқа ие.



Төбесінің биіктігі:
3-3,3 м


Терезесінің
биіктігі:
3 м дейін

СІЗДІҢ ПӘТЕРІҢІЗ

Жарық пен жылуға толы бұл пәтерлерде жайлылық үшін барлық жағдай жасалған. Жайғасымын мұқият ойластырып, аймақтарға сауатты бөлу әр кеңістікті функциялы етеді, ал форматын таңдау дәл сізге қолайлы нұсқаны таңдауға мүмкіндік береді.

- Бүкіл пәтер, соның ішінде санитарлық торап жөндеуден өтіп, дайын күйде ұсынылуы уақыт пен қаражатты үнемдейді — жай ғана кілтін алып, бірінші күннен бастап рaxатын көріңіз.
- Бастапқы әрлеу өзінің дизайнерлік идеяларын жүзеге асырып, бірегей интерьер жасағысы келетіндерге арналған.


Сіздің өмір салтыңызға бейімделетін пәтерде сіздің жаңа тарихыңыз басталады.



**Терезелерде
балалардың
құлауынан қорғаныс**



Пәтерлердің конфигурациясы: 1 бөлмеліден 5 бөлмеліге дейін



Негізгі әрлеу



Пәтерлердің
ауданы: 45-175 м²



Есік ойықтарының
биіктігі: 2,3 м дейін



Электронды
құлыптар



^{BI} BIG+ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКЕН ПӘТЕРЛЕР

Астанада BI Group-тың жаңа BIG+ жобасын — сіздің жайлылығыңыз үшін барынша қамқорлықпен жасалған, таза әрленген пәтерлерді ұсынамыз. Мұқият ойластырылған эргономика және заманауи жөндеу — өміріңіздің жаңа кезеңін рахаттанып, жайлы бастай алуыңыз үшін барлық жағдай жасалған.



Уақыт пен жүйкені сақтау



Ақшаны үнемдеу



1 жылға кепілдік



«Көшіп келіңіз де, тұра беріңіз» тұжырымдамасы



Жөндеу құнын ипотекаға қосу мүмкіндігі

Конструктивтер	BIG Basic	BIG Optima	BIG Prime
	Сұр/Қоңыр сарғыш	Сұр/Қоңыр сарғыш	Қоңыр сарғыш
Есік жиынтығы	2,2 м Belwooddoors (Белоруссия)	2,2 м Belwooddoors (Белоруссия)	2,3 м Belwooddoors (Белоруссия)
Ламинат	33-ші класс, қиықжиегі бар	33-ші класс, қиықжиегі бар	33-ші класс, қиықжиегі бар
Еденкемерлер	Полиуретан, 8 см	Полиуретан, 8 см	Полиуретан, 12 см
Санитарлық торап пен кіре берістегі жылы еден		✓	✓
Қабырғадағы сәндік профиль		✓	✓
Санитарлық тораптағы еден керамикалық плиткасы	600x600 мм (Қазақстан)	600x600 мм (Қазақстан)	1200x600 мм (Қазақстан)
Қабырғадағы керамикалық плиткасы	600x600 мм (Қазақстан)	1200x600 мм (Қазақстан)	1200x600 мм (Қазақстан)
Лас аймақ пен балкондағы керамикалық плиткасы	600x600 мм (Қазақстан)	600x600 мм (Қазақстан)	1200x600 мм (Қазақстан)
Ас үй бөлмесіндегі фартук керамикалық плиткасы	1200x600 мм (Қазақстан)	1200x600 мм (Қазақстан)	1200x600 мм (Қазақстан)
Балалар бөлмесіндегі фототұсқағаз		✓	✓
Тұсқағаз	боялатын, 130 гр	боялатын, 130 гр	боялатын, 130 гр
Қабырғадағы бояу	SHEBER Maler (Қазақстан)	Marshal Euro 7 (Түркия)	Tikkurila (Финляндия)
Төбе	Кермелі төбе	Кермелі төбе	ГҚТ төбе
Төбедегі көлеңкелі профиль		✓	✓
Төбедегі тығыздағышы бар багет	✓		
Жарықтандыру	Карниз шамдары. Люстраға арналған қосқыштар	Карниз шамдары. Люстраға арналған қосқыштар	Магнитті шамдары бар магнит трекер. Карниз шамдары. Люстраға арналған қосқыштар
Розеткалар/Ажыратқыштар	Auroom (Қазақстан)	Schneider Electric (Франция)	JUNG LS серия (Германия)
Санитарлық тораптағы сантехникалық құралдар	Haiba (Қытай)	Grohe (Германия)	Grohe (Германия)
Инсталляция	Visam Slim (Қытай)	Grohe (Германия)	Grohe (Германия)
Унитаз	Saniteco (Қытай)	Saniteco (Қытай)	Grohe (Германия)
Ванна	Акрилді 1700x700 мм	Акрилді 1700x700 мм	Акрилді 1700x700 мм
Қолжуғыш	Раковинасы бар ілмелі тумба 610x470 мм	Раковинасы бар ілмелі тумба 610x470 мм	Раковинасы бар ілмелі тумба 610x470 мм
Айна	Жарықтандырылатын сәндік	Жарықтандырылатын сәндік	Жарықтандырылатын сәндік



Кермелі төбе

Софиттер

Керамикалық плитка
600*600

Grohe душ
жинағы

Инсталляциясы
Grohe

Grohe гигиеналық
душы

Saniteco унитазаы

Раковинасы бар
ілмелі тумба

Керамикалық плитка
600*600

*Суретте BIG Optima топтамасы көрсетілген



Жарықтандырылатын
сәндік айна

Инсталляциясы
Grohe

Grohe
араластырғышы



Софиттер

Кермелі төбе

Керамикалық плитка
1200*600

Schneider Electric
ажыратқыштары

33-ші класты, қиықжиегі бар ламинат



Софиттер

Кондиционер
астындағы
қорытындылар

Көлеңкелі профиль

Кермелі төбе

Бра астындағы
қорытындылар

Schneider Electric розеткалары

Полиуретан, 8 см

33-ші класты, қиықжиегі бар
ламинат

Belwooddoors есегі
биіктігі 2,2 м

АҚЫЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Электронды құлыптар

Электронды құлып қосымша жайлылық береді. Онымен сөмкеден кілт іздеу туралы ұмытуға болады.

Жай ғана ыңғайлы тәсілді таңдаңыз.

Ашу тәсілдері:

- Face ID
- Саусақ ізі және алақан тамырларының өрнегі
- PIN код
- Карта (RFID)
- Мобильді қолданба

Қауіпсіздік:

- Бұзып кірген кездегі дабыл
- Қосарлы авторландыру режимі
- Деректерді сақтай отырып, бейнежазбаға тіркеу




Таңдалған өндіруші желісіне байланысты электронды құлыптың түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

IP-ДОМОФОН ЖҮЙЕСІ

IP-домофон – домофон жүйелерінің арасындағы озық шешім, ол деректерді беру үшін бейнебайланыс сапасын жақсартатын цифрлық желіні пайдаланады.

Мүмкіндіктері:

- Келушімен бейнебайланыс арқылы сөйлесу
- Бір түймені басу арқылы күзет орнымен байланысу
- Келушілердің суреттерін жазу мүмкіндігі
- Тұрғын үй кешеніндегі бақылау камераларына (6 данаға дейін) қол жеткізу



Таңдалған өндіруші желісіне байланысты электронды құлыптың түрі шын мәнінде фотосуретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

ЖАЙҒАСЫМДАР

*басыңыз да, сайттан өз жайғасымыңызды таңдаңыз




ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ДВОРЫ-КОМПАКТЫ

Земельный участок для автомобилей

Закрывающийся автомобильный двор, защищенный от пыли, грязи, шума и холода, а также от вандализма и краж. В нем можно хранить автомобиль, мотоцикл, велосипед, а также различные инструменты, запчасти и другие вещи. Автомобильный двор можно приобрести отдельно или вместе с квартирой.

* приобретается отдельно



Изображения условны.

Велосипедный двор

Велосипедный двор – это специальное место для хранения велосипедов. В нем можно хранить велосипед, а также различные аксессуары, такие как сумки, насосы и т.д. Велосипедный двор можно приобрести отдельно или вместе с квартирой.



Boxroom

Boxroom – это специальное место для хранения вещей. В нем можно хранить различные вещи, такие как одежда, обувь, аксессуары и т.д. Boxroom можно приобрести отдельно или вместе с квартирой.

* приобретается отдельно



БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ҮЙ-ЖАЙЛАР

Біздің коммерциялық үй-жайларымыз негізінен тұрғын орамдардың бірінші қабаттарында орналасады. Коммерциялық үй-жайлардың ауданы әртүрлі болуы және еркін жайғасымы сізге әртүрлі бизнес түрлеріне арнап таңдау мүмкіндігін береді.



20 000-нан
астам тұрғын



Жаяу жүргіншілер
ағыны



Көлік көп жүреді



Дамыған
инфрақұрылым



Төбесінің
биіктігі: 4,5
метрге дейін



Кешен
аумағындағы
саябақ



Қонақтарға арналған көлік
тұрағы қарастырылған



ONLINE САТЫП АЛУ

Оңай. Жылдам. Ыңғайлы.

Неліктен online сатып алуды таңдаған дұрыс?



Уақыт үнемдеу

Кептелістер, бағдаршамдар және кезектер туралы ұмытыңыз. Пәтерді рәсімдеу 30 минут уақытыңызды алады




Әлемнің кез келген жерінен қол жеткізу

Шетелде жүріп-ақ жылжымайтын мүлік сатып алыңыз.



Әр кезеңде қолдау көрсету

Сұрақтарыңызға жауап беріп, көмек көрсету үшін мамандарымыз әрдайым байланыста болады.



Икемді төлем тәсілдері

Бөліп төлеу, ипотека немесе толық есеп айырысу — өзіңізге қолайлы нұсқаны таңдаңыз.



Ашықтық және сенімділік


BI Group барлық операциялардың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығына кепілдік береді.

1. BIG App арқылы өздігінен сатып алу

- Сіз пәтер таңдап, шартқа қол қоясыз және төлемді өзіңізге ыңғайлы уақытта қолданба арқылы төлейсіз.
- Мәміле аяқталғаннан кейін сізге барлық кейінгі кезеңдерде қолдау көрсететін жеке менеджер бекітіледі.

2. Цифрлық сату кеңсесі менеджерінің көмегімен сатып алу

- Сіз сайтта немесе қолданбада өтінім қалдырасыз.
- Менеджеріміз сізге кеңес беріп, мінсіз пәтер таңдауға және мәміле рәсімдеу процесін аяқтауға көмектеседі.



ИПОТЕКА

 басыңыз да, сайтқа өтіңіз

Баршаға арналған бағдарламалар



0,1%-дан басталатын
мөлшерлеме

Ыңғайлы мөлшерлемені
таңдап, ай сайынғы төлем-
дерді өзіңізге қолайлы етіп
жоспарлаңыз.



15-тен көп жеке
бағдарлама

Сіздің қажеттіліктеріңіз
барынша ескерілетін
талаптармен ипотека
рәсімдеңіз.



Бастапқы жарнасы 20%-дан
басталады

Бастапқы жарнаға қолыңы-
зда пәтер құнының жарты-
сынан азы болса да, ипоте-
ка рәсімдеп, өз пәтеріңізде
тұрыңыз.



Қосымша кепілсіз

Кепілге қою үшін қосымша
жылжымайтын мүлік ізде-
уіңізге тура келмейді, кепіл
ретінде ипотекаға алынған
пәтерді рәсімдеңіз.



Қарыз сомасы — 100 млн
теңгеге дейін

Сізге ыңғайлы қарыз со-
масы пәтер таңдаудағы
шектеулерді жояды.



Online-ипотека

Банкке бармай-ақ 30 минут
ішінде ипотекаға жылжы-
майтын мүлік сатып алыңыз.
Уақытыңыз бен ақшаңызды
үнемдеп, бос уақытыңызды
сүйікті істеріңізге арнайсыз.



бейнежазбаны көру үшін басыңыз

BI SERVICE

 <https://bi.group/ru/page/service>

20 жыл бойы бізге бүкіл Қазақстан бойынша және одан тыс жерлерде 500 мыңнан астам тұрғын сенім білдіреді.

BI Service басқарушы компаниясы сіздің еш нәрсеге уайымдамай, жаңа үйіңіздегі өмірден ләззат алуыңыз үшін клиенттердің жайлы және қауіпсіз тұру жайын өз мойнына алады.

Тұрғын үй кешеніне қатысты кез келген сұрақтарыңыз бойынша жеке менеджер әрқашан көмектеседі.

Біз 7 млн м²-ден астам аумаққа қызмет көрсетеміз

 > 1 000
тұрғын үй кешені

 > 2 500
коттедж

 > 34 000
тұрақ орны

 > 4 500
кеңсе

Бізді ерекшелендіретін нәрселер:

- Кәсіби мамандар командасының жоғары сарапшылық деңгейі;
- Жүйелердің техникалық жай-күйін қатаң бақылау;
- 24/7 жедел ақпарат беру;
- Әр клиентпен жеке қарым-қатынас жасау;
- Заманауи технологияларды қолдану;
- Ашық қаржылық басқару;
- Бірыңғай сапа стандарттары.

Пайдалану қызметтерінің тарифтері*:
тұрғын үй-жайлар – м²-іне 290 теңгеден басталады,
офистер – м²-іне 570 теңгеден басталады,
тұрақ орны – 13 000 теңгеден басталды.

*Тариф ортақ қолданыстағы аймақтардың жабдықта-
луына, үй мен жабдықтың сипаттамаларына байланысты
қалыптасады.



БАҚЫТ МИНИСТРЛІГІ



Біз клиенттерімізге қамқорлық жасай отырып, тұрғындардың әрқайсысы өзін үлкен ВІ отбасының бір бөлігі ретінде сезінуі үшін олардың бос уақытын ұйымдастыратын және тату көршіліктің жылы атмосферасын қалыптастыратын Бақыт министрлігін құрдық.

Біз тұрғындардың көршілердің ауызбіршілігін арттыруға бағытталған бастамалары мен жобаларын қолдаймыз.



Бақыт министрлігінің арқасында барлық отбасылардың бос уақыты қызықты оқиғаларға толы болады:

- Шағын футболдан жарыстар;
- Шығармашылық шеберлік сабақтары;
- Үстел теннисінен турнирлер;
- Концерттер мен көрмелер;
- Таза ауада жаттығу;
- Бірлескен мерекелер;
- Тауға жорыққа шығу;
- Аулада фильмдер көру.

ВІ GREEN

Ағаш егу — отбасымен және көршілермен бірге жақсы уақыт өткізу.


Біз тұрғындармен бірлесіп, 50 000-нан астам ағаш пен бұта ектік. Кәсіби дендрологтар өсімдіктердің жерсінуіне және көптеген жылдар бойы аулалардың сәнін кіргізуіне жағдай жасайды.



BIG APP МОБИЛЬДІ ҚОЛДАНБАСЫ

BIG App — BI Group клиенттеріне арналған онлайн қызметтер экожүйесі.

Көп деңгейлі қауіпсіздік жүйесінің арқасында біз деректеріңіздің сақталуына кепілдік береміз.



- Сатылымдардың басталуы туралы хабарландыру
- BI Group жеңілдіктері мен акциялары



- Жылжымайтын мүлік таңдау
- Пәтерлерді онлайн сатып алу



- Құжаттар мен төлемдер
- Құрылыс барысы (құрылыс live)



- Ашық есіктер күніне және кілттерді табыстауға жазылу
- Үй-жайды қабылдаудың электронды актісі



- Сервистік өтінімдерді беру және олардың орындалуын бақылау
- Үй шығындарын қадағалау



- BI Club — жылжымайтын мүлікке жеңілдіктер және серіктестерден cashback
- BIG App-тағы онлайн сервистер

CAPITAL PARK
VECTOR

BI CLUB БЕЙІЛДІК БАҒДАРЛАМАСЫ

BI Group-тың барлық клиенттері кейіннен жылжымайтын мүлік сатып алуға жеңілдік алады, сонымен қатар, Bİcoin-дарды (бонустарды) жинақтап, оларды серіктестеріміздің жүлделеріне/супер жүлделеріне айырбастау мүмкіндігіне ие болады!



Қазіргі уақытта картаның 8 түрі бар:

Жылжымайтын мүлік түрі:		Пәтерлер	Кеңселер
BI BRONZE	1 сатып алу	4%	5%
BI BRONZE+	2 сатып алу	5%	6%
BI SILVER	3 сатып алу	6%	7%
BI SILVER+	4 сатып алу	7%	8%
BI GOLD	5 сатып алу	8%	9%
BI GOLD+	6 сатып алу	9%	10%
BI PLATINUM	7+ сатып алу	10%	11%
BI DIAMOND		12%	13%

Bİcoin-дар (бонустар) алу және супер жүлделерді ұтып алу үшін BI Club бөлімінде кез келген сатып алу чегін жүктеңіз!
Толығырақ  loyalty.bi.group

БАЙЛАНЫС

Астана қ.

Сығанақ көшесі, 62/3
Viva Plaza БО

Сарайшық көшесі, 5г
«Лазурный квартал» ТҮК

Т. Рысқұлов көшесі, 9
Nexpro Trend ТҮК

Шымкент қ.

Назарбаев даңғылы, 55
Желтоқсан көшесі, 28

Қарағанды қ.

Бұқар жырау даңғылы, 51/4
51 бизнес орталығы

Алматы қ.

Тимирязев көшесі, 28в
«Гранд Алатау» БО

Arena Park бигвиллі
Момышұлы көшесі, 10/2

Атырау қ.

Тайманов даңғылы, 42А
Altyn Zaman ТҮК

Қаныш Сәтбаев даңғылы, 43а
Infinity Mall COO

Онлайн сату
орталығы



Кеңес алу